

**БЕНЗИНДІ МОТОБҰРҒЫ**

**MS14304**

# ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Құрметті пайдаланушы!**

Тиімді және қауіпсіз жұмыс, сондай-ақ тиісті техникалық қызмет көрсету Сіздің осы Пайдаланушы нұсқаулығын мұқият зерделегеніңізден кейін ғана мүмкін болатындығына назар аударыңыз. Пайдаланушы нұсқаулығы құралдармен бірге бір қорапта болуы керек. Сатып алу кезінде Сізге жеткізілім жиынтығын және сыртқы зақымдардың болмауын тексеруді ұсынамыз.

**Қауіпсіздік ережелерін мұқият оқып шығыңыз және онда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз. Төмендегі ережелерді орындамау ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.**

**Қауіпсіздік мақсатында 18 жасқа толмаған балалар, сондай-ақ осы Ережелермен таныспаған адамдар құралды пайдаланбауы тиіс.**

**Құралды тек пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсат бойынша пайдаланыңыз.**

**Егер Сізде құралмен жұмыс істеу дағдылары болмаса, маманнан немесе тәжірибелі қолданушыдан алдын-ала кеңес алу ұсынылады.**

**Құралды физикалық, сезімдік немесе ақыл-ой қабілеттері төмен адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына немесе олардың тәжірибесі немесе білімі болмаған кезде, егер олар бақылауға алынбаса немесе олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның құралды пайдалануы туралы нұсқау берілмесе, пайдалануға арналмаған.**

Техникалық сипаттамалардың өзгеруіне байланысты нұсқаулықтың мазмұны сатып алынған құралға толық сәйкес келмеуі мүмкін. Өндіруші алдын ала ескертусіз жекелеген бөлшектердің конструкциясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Пайдалану нұсқаулығын оқып жатқанда осыны есте сақтаңыз.

**Назар аударыңыз! Бұл нұсқаулық таныстыру сипатына ие және ресми құжат бола алмайды.**

## ЖАЛПЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Құралды және оның қосымшаларын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқыңыз. Осы модельге тән функционалдық мүмкіндіктермен және ықтимал тәуекелдермен танысыңыз. Машинамен жұмыс жасамас бұрын операциялық басқару жүйесін зерделеңіз. Құралмен жұмыс істеу кезінде жоғарыда көрсетілген ережелерді орындау және «Өрт қауіпсіздігі ережелерін» сақтау қажет.

**Сақ болыңыз.** Құралды есірткінің, алкогольдің немесе дәрі-дәрмектің әсерімен басқаруға тыйым салынады, бұл сіздің құрал механизмін дұрыс басқару қабілетіңізге әсер етуі мүмкін. Шаршаған немесе физикалық еңбектен алшақтаған кезде құралмен жұмыс жасамаңыз. Барлық жұмыс кезеңінде абай болыңыз.

**Қауіпті жағдайлардан аулақ болыңыз.** Жұмыс орнының қауіпсіздігіне көз жеткізіңіз: тазалық, жақсы жарықтандыру. Тегіс емес жер жарақатқа әкеледі. Жұмыс жағдайында адамның механизмнің қозғалмалы бөліктеріне түсуіне әкелуі мүмкін кір, май, қоқыс және басқа заттар кедергі болмайтынына көз жеткізіңіз. Құралды пайдалану құрғақ, тегіс, құралдың салмағын көтере алатын жерде болуы керек. Құралды механизмнің жұмыс істеу кезінде орнынан қозғалтпаңыз. Бояудың, еріткіштің булануына және өмірге болжамды қауіп-қатер әкелуі мүмкін басқа да өртке қауіпті заттардың жақын жерінде құралмен жұмыс істемеу керек.

**Тексеру.** Жұмысты бастамас бұрын құралды әрдайым тексеріп отырыңыз. Механизмнің қалыпты және қауіпсіз жұмыс істеуі үшін қажетті бөлшектерді жылжытпаңыз. Орнатылған және бекітілген бұрандалардың, сомындардың, бұрамашегелердің дұрыстығы мен сенімділігін тексеріңіз, әсіресе басқару мен қорғаныс механизмдеріндегі. Жұмыс кеңістігіне іргелес аумақта құрылғылардың болмауын тексеруді әдетке айналдырыңыз: күрек, қалақ және басқа да көмекші заттар. Жұмысқа кіріспес бұрын зақымдалған немесе жетіспейтін бөлшектерді ауыстырыңыз. Назар аударыңыз және қажет болған жағдайда құрылғыдағы зақымдалған немесе жоқ ескерту тақталарын ауыстырыңыз.

**Жұмыс формасы.** Механизмнің қозғалмалы бөліктеріне түспес үшін кең киім, қолғап, галстук немесе зергерлік бұйымдарды (сақиналар, қол сағаттары) киюге болмайды. Тоқ өткізбейтін қолғап пен аяқ киімді пайдалану ұсынылады. Жұмыс кезінде бас киімді қолданыңыз. Шаң тудыратын материалдармен жұмыс кезінде маска немесе респиратор киіңіз. Әрқашан қауіпсіздік көзілдірігін киіңіз (диоптриялық линзалар қорғаныс болып саналмайды және құралмен жұмыс істеуге жарамайды).

**Қозғалмайтын күйді сақтаңыз.** Ешқашан құралға тұрмаңыз. Машинаның төңкерілуінен немесе киімнің қозғалмалы бөліктерге тартылуынан болатын ауыр жарақаттардан сақ болыңыз.

**Күтпеген оқиғалар салдарынан жарақаттанудан аулақ болыңыз.** Қолдарыңызды механизмнің қозғалмалы бөліктерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз. Көмекші құралдарды үстіне қоймаңыз және жұмыс кезінде дененің кез-келген бөлігінің құралға тиюінен сақ болыңыз.

**Рұқсат етілген жүктемелерден асырмаңыз.** Машинамен жұмыс істеу техникасын сақтаңыз. Құралды тек мақсатты пайдаланыңыз. Механизм жұмыс істеп тұрған кезде құралды қараусыз қалдырмаңыз.

**Сөндіру.** Механизм қосылған кезде моторды ашпаңыз. Құралды пайдаланбаған кезде, тасымалдаған, жөндеген, бөлшектерін ауыстырған, тазалаған кезде оны сөндіріңіз немесе тоқтан ажыратыңыз.

**Құралға мұқият қараңыз.** Әр жұмыс аяқталғаннан кейін құралды тазалау керек. Жиынтықтауыштарды зауыттық емес өндірістің бөлшектеріне ауыстыруға тыйым салынады.

**Ұстау.** Құралды құрғақ, бөтен адамдарға қол жетімді емес жерде ұстаңыз. Балалар мен үй жануарларын жұмыс істейтін құралдан аулақ ұстаңыз.

**Электр аспабымен жұмыс істеу кезінде:**

**Сымға мұқият болыңыз.** Ешқашан құралды сымның артына жылжытпаңыз. Бұл жүйенің ажыратылуына және одан әрі бұзылуына әкелуі мүмкін. Қуат сымын қыздыруға, майға батырылуынан сақтаңыз және өткір заттардан алшақ ұстаңыз.

**Қосымша сым.** Қоректендірудің қосымша сымының ұзындығы 50 метрден аспауы тиіс. Сымның секциясы қалыпты электрмен жабдықтау үшін 220В үшін 1,5 мм2 болуы керек. Белгіленген техникалық нұсқауларды орындамау қозғалтқыштың қызып кетуіне және оның зақымдалуына әкелуі мүмкін. Қорғалмаған қуат көздерінен аулақ болыңыз. Жұмыс алдында пайдалану мүмкіндігін тексеріңіз: құрғақтық, өткір заттардың болмауы және құралдың қозғалу мүмкіндігі. Жұмысты бастамас бұрын сымды бүкіл ұзындыққа тарқатыңыз.

**Электр соққыларынан аулақ болыңыз.** Сымның оқшаулауын тексеріңіз. Ылғалды, дымқыл жерде немесе оған жақын жерде құралды қоспаңыз немесе өшірмеңіз. Жаңбырда немесе ылғалды жерде жұмыс жасамаңыз. Жерге тұйықталған бөлшектерге: құбырларға, радиаторларға, электр тізбегіне және салқындату жүйесіне тиюден аулақ болыңыз. Машинаны қосу немесе өшіру кезінде металл бөлшектерге қол тигізбеңіз. Құралға бөгде адамдарды және балаларды жолатпаңыз.

**Бензинді/ дизельді құралдармен жұмыс істеу кезінде:**

Жақсы желдетілетін жерде жұмыс жасаңыз, өйткені пайдаланылған газ құрамында улы тұншықтырғыш газ бар. Желдетілмейтін жерде жұмыс жасамаңыз.

Құрал өртке қауіпті материалдардан кемінде бір метр қашықтықта ұсталуы тиіс.

Жанармай құю кезінде темекі шегуге, ашық от пен ұшқынға жол бермеңіз.

Жанармай құю алдында құралды өшіріңіз.

Жанармай мен майды ағызбауға тырысыңыз. Егер төгілсе, құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

Күйіп қалмас үшін, жұмыс істеп тұрған кезде немесе ол өшірілген кезде бәсеңдеткішке немесе құралдың басқа ыстық бөліктеріне қол тигізбеңіз.

**Құрметті пайдаланушы!**

**Сіздерді біздің өнімді сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Сіздің таңдауыңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз!**

## ЖАУАПКЕРШІЛІК

**Иесінің жауапкершілігі**

Құрастырудың дәлдігі, сондай-ақ мотобұрғыны тиімді және қауіпсіз пайдалану жауапкершілігі толығымен оның иесіне жүктеледі.

Қауіпсіздік нұсқауларының барлық нұсқамаларын оқып, орындаңыз. Құрастыру нұсқауларын мұқият орындаңыз.

Бұрғылау қондырғысын нұсқаулықта көрсетілген шарттарға және оған қызмет көрсету кестесіне сәйкес сақтаңыз. Мотобұрғыны пайдаланатын кез келген адам оны пайдаланудың барлық ережелері туралы хабардар екеніне және оны қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен танысқанына көз жеткізіңіз.

⚠ **<u>Назар аударыңыз!</u> Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.**

## ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

**Осы бөлімді мұқият оқып шығыңыз. Мотобұрғыны нұсқауларға сәйкес қолданыңыз. Мотобұрғымен жұмыс жасамас бұрын, құрылғы иесі нұсқаулықты оқып, оны басқарумен танысуы керек.**

- Иірмек жүзі өте өткір. Мотобұрғының кесу элементтерімен жұмыс жасағанда өте сақ болыңыз. Әр қолданғаннан кейін жүздерін қорғаныс қабына салыңыз.
- Қозғалтқышпен жұмыс істеп тұрған мотобұрғыны қозғалтпаңыз.
- Бос жүрісте иірмегі айналып тұрған мотобұрғыны пайдалануға тыйым салынады.
- Әрқашан қолдарыңызды, аяқтарыңызды, шашыңызды және киіміңізді қозғалтқыштың кез келген қозғалатын бөліктерінен және иірмектен аулақ ұстаңыз. Мотобұрғыны балалардың басқаруына тыйым салынады. Мотобұрғымен нұсқаусыз жұмыс істеуге рұқсат бермеңіз.
- Мотобұрғыны алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғының барлық түйіндері мен бөліктері мықтап бекітіліп, қосылыстар жақсы бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Кез келген жөндеу немесе техникалық қызмет көрсетуді бастамас бұрын, қозғалтқыштың сөніп, суығанына көз жеткізіңіз, оталдыру сымы шамның ұшынан алынып тасталуы керек.
- Сақ болыңыз, сөндіргіш пен оған жақын аумақтың температурасы 65°С- тан асуы мүмкін. Мұндайда, жанасу кезінде күйіп қалу мүмкіндігі бар.
- Ешқашан қозғалтқышты үй-жайда іске қоспаңыз.
- Егер бұрғылау кезінде мотобұрғы сыналанып қалса, қозғалтқышты сөндіріп, оны қолмен босатпас бұрын суытып алу керек.

## ҚОЗҒАЛТҚЫШПЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

**Тұншықтырғыш газбен улану қаупі**

Жұмыс барысында ішкі жану қозғалтқыштары сіз оны сезбесеңіз де, көрмесеңіз бу шығарады, оның құрамында түссіз, дәмсіз және иіссіз тұншықтырғыш газ - (өлімге әкелетін газ) болады. Тұншықтырғыш газының шоғырлануы жабық бөлмеде немесе желдетуі нашар бөлмеде бірнеше күн бойы өлімге әкелу қаупін тудыруы мүмкін. Жұтыну кезінде тұншықтырғыш газының кез-келген мөлшері бас ауруына, ұйқышылдыққа, жүрек айнуына, бас айналуына, сананың шатасуына және ақыр аяғында өлімге әкелуі мүмкін.

**Назар аударыңыз! Ешқашан қозғалтқышты үй-жайда іске қоспаңыз. Ешқашан қозғалтқышты үй-жайдың жанында іске қоспаңыз, пайдаланылған газдар ғимаратқа енуі мүмкін.**

**Назар аударыңыз! Дірілге қарсы жүйелер ақ саусақ синдромынан немесе карпальды тунелдік синдромынан қорғауға кепілдік бермейді. Сондықтан тұрақты және жүйелі пайдалану кезінде қолдарыңыз бен саусақтарыңыздың жағдайын бақылауыңыз керек. Жоғарыда аталған белгілердің бірі пайда болған кезде дереу дәрігердің көмегіне жүгіну керек**.

**Назар аударыңыз! Егер сіз қандайда бір медициналық электрондық құрылғыларды қолдансаңыз, мысалы: электронды жүрек стимуляторы. Кез-келген құрылғыны пайдаланбас бұрын дәрігермен кеңесіңіз.**

**Жанармаймен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері.**

Жанармай және оның булары өте жанғыш болып келеді. Ұшқын немесе от пайда болуы мүмкін жерде жанармайды ешқашан пайдаланбаңыз. Ешқашан отынды ықтимал тұтану көзінің жанында пайдаланбаңыз.

**Назар аударыңыз! Жанармай тез тұтанады немесе жарылады, сонымен қатар бу шығарады, сондықтан жанармайды қолданған кезде абай болыңыз.**

**ЕСКЕРТПЕ**

- Ешқашан жанармай шанын жанармаймен үй-жай ішінде толтырмаңыз (мысалы, гаражда, жертөледе, сарайда, шатыр астында, үйде және т.б.). Әрқашан жанармай шанын сыртта толтырыңыз.
- Қозғалтқыш іске қосылып тұрған кезде ешқашан жанармай шанының қақпағын ашпаңыз немесе жанармайды еселеп құймаңыз. Ол үшін қозғалтқышты тоқтатып, суытыңыз. Жанармайды ешқашан үй-жайда жанармай шанынан ағызбаңыз.
- Іске қоспас бұрын әрдайым төгілген жанармайды қозғалтқыш бетінен сүртіңіз. Қозғалтқыш іске қосылғанға дейін жанармай төгілген жерді құрғатыңыз.
- Қозғалтқышты іске қоспас бұрын жанармай буының шығуын қамтамасыз етіңіз. Қозғалтқышты қолданар алдында жанармай шанының қақпағын тұмшаланғандығына тексеріңіз. Егер жанармай ағу бар болса, жанармай шанының қақпағын ауыстырыңыз.
- Әрқашан қозғалтқышты дұрыс күйде іске қосыңыз.
- Қозғалтқыштың жанармай шанын толтыру кезінде ешқашан темекі шегуге болмайды.




- Жанармай қоспасын дайындау үшін тек арнайы контейнерлерді қолданыңыз.
- Жанармайы бар қозғалтқышты резервуарда сақтамаңыз.
- Отын буы жарылысқа аса қауіпті.
- Ешқашан жанармайды аузыңызбен ағызбаңыз. Есіңізде болсын, жанармай қоспасы - бұл улы химиялық зат, егер дұрыс қолданылмаса, Сіздің денсаулығыңыз бен айналаңыздағы адамдардың денсаулығына зиян тигізуі мүмкін.
- Жанармай багын тек ересек адам толтыра алады. Ешқашан алкогольдік немесе есірткілік мас күйдегі адамдарға, балаларға мотобұрғыны құюға және пайдалануға рұқсат бермеңіз.

**Жану және күйіп қалу**

Бәсеңдеткіш және қозғалтқыштың басқа бөліктері жұмыс кезінде қатты қызып кетуі мүмкін (2-тармақты қараңыз) және қозғалтқыш тоқтағаннан кейін де ыстық күйінде болады.

**ЕСКЕРТПЕЛЕР**

- Ешқашан бәсеңдеткіш қаптамасын қозғалтқыштан ажыратпаңыз. Ешқашан бәсеңдеткіш қаптамасына қол тигізбеңіз, себебі ол өте ыстық болуы мүмкін және күрделі күйікке әкелуі мүмкін.
- Өрттің алдын алу үшін материалдар мен қоқыстарды әрдайым бәсеңдеткіш қаптамасынан және қозғалтқыштың басқа ыстық бөліктерінен алыс жерде ұстаңыз.
- Қолды қорғаудың арнайы құралдарын қолданыңыз. Көру, есту органдарын қорғау құралдарын және қорғаныш бас киімін пайдаланыңыз.
- Жабық немесе нашар желдетілетін бөлмеде, мысалы, гаражда қозғалтқышты іске қосуға тыйым салынады. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарында көміртек тотығы бар - ол түссіз, иіссіз және өлімге әкелуі мүмкін.
- Тұншықтырғыш газдың үй-жайға енуін болдырмау үшін үй-жайлардан тыс және ашық терезелерден, есіктерден және желдеткіш люктерден алыс жерде ғана пайдаланыңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

| | |
|---|---|
| Қозғалтқыш түрі | Ауамен салқындатылған бензинді қос тактілі бір цилиндрлі қозғалтқыш |
| Цилиндр көлемі | 52 см^ |
| Иірмек айналымының жылдамдығы | 0-200 айналым/мин |
| Жанармай | 1:40 қатынасында қос тактілі қозғалтқыштарға арналған этилденбеген бензин және май |
| Жанармай багының көлемі | 1,1л |
| Шам электродтарының саңылауы зажигания | 0,7-0,8мм |
| Стартер түрі | Қолды стартер |
| Ауа сүзгісінің түрі | Кеуекті сүзгі |
| Шу деңгейі | 110дБ(А) |
| Діріл деңгейі | 3,58 м/с^ |

## ҚҰРАСТЫРУ (ИІРМЕК - КҮШТІК АГРЕГАТ)

**Қажетті құралдар: екі 14 кілті**




Рис.2

1. Қуат қондырғысының шығыс білігін (А) иірмектің (В) ашық ұшына салыңыз.
2. Бұрандалы тесіктері бар біліктің иірмекті тесіктерін бір сызыққа салыңыз.
3. Бұранданы (C) бұрандалы тесікке салыңыз.
4. Бекіту сомынын бұраңыз (D).
5. Екі 14 кілтін пайдаланып, сомынды мықтап қатайтыңыз (D)

## ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қозғалтқышқа немесе иірмекке қызмет көрсету бойынша қадамдық нұсқаулық

1. Қозғалтқышты сөндіріңіз.
2. Сымды оталдыру білтесінен ажыратыңыз.
3. Сымды оталдыру білтесінен және кез-келген металл бөліктерден алыстатыңыз.
4. Қозғалтқышқа немесе иірмекке ағымдағы техникалық қызмет көрсетіңіз (қажет болса).
5. Қызмет көрсету кезінде ауыстырылған немесе бөлшектелген барлық бөліктердің дұрыс және берік орнатылғанына көз жеткізіңіз.

**Назар аударыңыз! Барлық қосалқы бөлшектер түпнұсқалық болуы және оны өндіруші қолдануға мақұлдауы тиіс. Ешқашан қозғалтқышқа немесе иірмекке арналмаған бөлшектерді орнатпаңыз.**

**Іске қосуға дайындық**

1. Дроссельді жапқыш тұтқасын OFF күйіне орнатыңыз (жабық)
2. Егер бакта жанармай қоспасы қалса, мотобұрғыны ақырын алға-артқа шайқау керек. Бұл әрекет бензинмен екі соққылы қозғалтқыштар үшін майды сапалы араластыруды қамтамасыз етеді және оның шөгуіне жол бермейді.
3. Карбюраторға жанармайды тартып шығару қажет болса, жанармай пайда болғанша тартып шығару батырмасын, праймерді бірнеше рет басыңыз. Оталдыру ажыратқышы қосулы екеніне көз жеткізіңіз (ON). Газ иінтірегін басыңыз. Содан кейін жанармай беру иінтірегін бекітіңіз.

4. Мотобұрғыны бір қолыңызбен мықтап ұстаңыз. Екінші қолыңызбен стартердің тұтқасын ұстап, қарсылықты сезгенше баяу тартыңыз.
5. Осыдан кейін, стартердің тұтқасын оқыс қимылмен тартыңыз. Қозғалтқыш іске қосылғанша осы операцияны қайталаңыз. Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін дроссельді жапқышты ON (ашық) күйіне ауыстырыңыз.

**<u>Назар аударыңыз!</u> Құрылғының қозғалмалы бөліктері ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Қолдарыңызды, киіміңізді және бекітілмеген заттарыңызды қозғалмалы бөліктерден қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз. Әрқашан қозғалтқышты тоқтатып, кедергілерді, қоқысты шығармас бұрын қозғалатын бөліктердің тоқтағанына көз жеткізіңіз.**

**<u>Назар аударыңыз!</u> Қозғалтқышты бос жүрісте сынауға болмайды.**

**<u>Назар аударыңыз!</u> Қызып кетуге бейім аймақтармен жанасудан аулақ болыңыз.**

## ЖАНАРМАЙ

**Сапасы**

Мотобұрғымен жұмыс істеу кезінде майды қос тактілі қозғалтқыштар үшін пайдалануды ұсынамыз - бұл май қозғалтқыштың кез келген жағдайда және ұзақ мерзімге сенімді жұмысына кепілдік береді.

Құрамында этанолы жоқ этилдендірілмеген АИ-92 маркалы бензинді ғана қолданыңыз. Ұсынылатын пропорциялар 1:40.

**МЫСАЛЫ:** 1л бензин: 25мл май

**ҰСЫНЫС**: сақтау мерзімі 3 аптадан аспайтын жанармай қоспасын қолданыңыз.

**Жанармай қоспасын дайындау және бензобакты толтыру**

**Дайындау. Қадамдық нұсқаулық**

Жанармай қоспасы далада арнайы сыйымдылықта дайындалады.

1. Араластыру үшін сыйымдылықты жұмыс үшін қажетті көлемнің % - ға бензинмен толтырыңыз.
2. 2 сатылы қозғалтқыштарға қажетті май мөлшерін қосыңыз.
3. Жақсы араластыру үшін сыйымдылықты жауып, бірнеше рет шайқаңыз.
4. Қалған мөлшерді қосып, 3-ші қадамды қайталаңыз.

**Құю**

1. Жанармай құю мотобұрғыны тоқтан толық ажыратылған кезде жүргізіледі. Жанармай құюды ашық ауада, от пен ұшқыннан алыс жерде жүргізіңіз.
2. Жанармай қоспасын құймас бұрын, жанармай багының қылтасында және оның айналасында ластанудың бар-жоғын тексеріңіз.
3. Қажет болса тазартыңыз.
4. Жанармай қоспасын ағызбай, абайлап баққа құйыңыз. Бакта бос кеңістік қалатындай етіп бакты толтырыңыз.
5. Жанармай багының қақпағын дереу бұрап, жақсылап тартып жабыңыз. Егер жанармай құю кезінде төгілсе, сүртіп оны құрғатыңыз.

**<u>Назар аударыңыз!</u> Бұрын дайындалған жанармай қоспасын қолданған кезде оны мотобұрғының жанармай багында араластыру керек 6.1-тармақ. Бензиннің белгілі бір мөлшерін өлшеу сыйымдылығына құйыңыз, содан кейін нұсқаулықта көрсетілген пропорцияда қос тактілі қозғалтқыш майын қосыңыз. Осыдан кейін, толық араластыру үшін жанармай қоспасын жақсылап шайқаңыз.**

## МОТОБҰРҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫСЫ

Қозғалтқыштың максималды қуатына екі сағаттан кейін қол жеткізіледі. Сынау процесінде ілінісу сырғанақтауы мүмкін.

Мұзда немесе жерде шұңқыршаны бұрғылау оператордың дене салмағының әсерінен емес, мотобұрғының өз салмағымен жүргізіледі.

**ҰСЫНЫС:** Суық ауа райында жұмыс істеген кезде мотобұрыны салқын жерде сақтаңыз. Температураның күрт төмендеуі конденсатқаа әкелуі мүмкін.

## ЖАНАРМАЙ БАГЫ ҚАҚПАҒЫНЫҢ ЖЕЛДЕТКІШ КЛАПАНЫ

Желдету клапанын пайдалану бойынша нұсқаулық (егер мотобұрғы жабдықталған болса)

Қозғалтқышты іске қоспас бұрын, клапанды желдету орнына 2-3 рет бұраңыз (сағат тіліне қарсы). Клапанды толығымен бұрамаңыз (4-5 революция). Мотобұрғыны әр іске қоспас бұрын, жанармай багының қақпағы мықтап бекітілгенін және клапан желдету жағдайында екенін тексеріңіз.

Мотобұрғыны қолданғаннан кейін жанармай багының қақпағы мен желдету клапанының жабылғанына көз жеткізіңіз (сағат тілімен). Бұл сақтау кезінде бензиннің ағып кетуіне жол бермейді.

**ЕСКЕРТУ:** Құрылғыны ұзақ уақыт жылы ауа-райында сақтаған кезде, карбюратор арқылы жанармайдың ағып кетуіне жол бермеу үшін жанармай багының қақпағын мезгіл-мезгіл босатып тұрыңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ САҚТАУ

**Қозғалтқышқа қызмет көрсету**

Техникалық қызмет көрсету кестесін мұқият оқып шығыңыз және осы ұсыныстарды орындаңыз.

Дұрыс техникалық қызмет көрсету мотобұрғының қауіпсіз, үнемді және сенімді жұмыс істеуі үшін маңызды. Есіңізде болсын, сапалы қызмет пен егжей-тегжейлі кеңесті тек сервис орталығынан алуға болады.

Бұл техникалық қызмет көрсету кестесі қалыпты пайдалану жағдайына жатады. Мотобұрғыны төтенше жағдайларда пайдалану кезінде қызмет көрсету кестесі бойынша сервис орталығының мамандарымен кеңесіңіз.

| **Техникалық қызмет көрсету кестесі** | | **Әр 8 сағат сайын (күнделікті)** | **Әр 20 сағат сайын немесе маусымдық** | **Жыл сайын** |
|---|---|---|---|---|
| Қозғалтқышты тазалау, бұрандалар мен сомындарды тексеру | | X | | |
| Ауа сүзгісі (тарауды қараңыз) | Тексеру | X | | |
| | Тазалау ( жоғары ластану жағдайында) | X | X | |
| | Ауыстыру | | X | X |
| Оталдыру білтесі | Тексеру / реттеу | | X | |
| | Ауыстыру | | | X |

**Ауа сүзгісіне қызмет көрсету және ауыстыру**

1. Ауа сүзгісінің қақпағын ашу үшін, жапқыш иінтірегін сору жағдайына ауыстырыңыз
2. Ауа сүзгісінің қақпағын алу үшін қақпақтың екі жағындағы фиксатор ілмектерін қысыңыз
3. Қосымша ілмектері босатылғаннан кейін ауа сүзгісінің қақпағын шешіңіз





4. Сүзгі элементін алыңыз оны жаңасына ауыстырыңыз немесе сүзгіні жылы сумен және сабынмен тазалаңыз, сүзгіні жақсылап майлаңыз және артық майды сүртіңіз.
5. Сүзгі элементін орнатыңыз, сүзгі өз орнына герметикалық түрде тұруы үшін оны басыңыз.
6. Ауа сүзгісінің қақпағын фиксаторлардың өзіндік шыртылына дейін жабыңыз.





**<u>Назар аударыңыз!</u> Қозғалтқышты ауа сүзгісіз іске қосуға тыйым салынады.**

**Оталдыру білтесіне қызмет көрсету және ауыстыру**

- Әр маусымның басында оталдыру білтелерін тексеріңіз.
- Оталдыру білтесінен қақпақшасын шешіңіз, оны ластанудан тазартыңыз.
- Оталдыру білтесін бұрап шығарып, электродтарды күйеден тазартыңыз, саңылауды тексеріңіз және ретке келтіріңіз, 12-тармақты қараңыз.
- Оталдыру білтесін ауыстыру керек, егер: фарфор жарылған болса, электродтарда эрозия болса.

**<u>Назар аударыңыз!</u> Аздап тартылған оталдыру білтесі қызып кетуі мүмкін және қозғалтқышты зақымдауы мүмкін. Шамадан тыс тартылған оталдыру білтесі цилиндр бастиегіндегі бұранданы зақымдауы мүмкін.**

**Карбюраторға қызмет көрсету**

Карбюратордың зауыттық параметрлерін ешқашан өзгертпеңіз. Кез келген ақаулар болған жағдайда сервиске хабарласыңыз.

## ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САҚТАУ

Егер сіздің мотобұрғыңыз бір айдан астам уақыт пайдаланылмаса, оны ұзақ уақыт сақтауға дайындаңыз:

- Жанармай багынан қалған жанармайды канистрге ағызыңыз.
- 11.2.Бәсеңдеткіш иірмегін алыңыз да, бәсеңдеткіштің шығыс білігіне (А) жұқа қабатпен май жағыңыз..
- Қозғалтқышты оңтайлы жағдайда ұстаңыз
- Қозғалтқыштың қуат қондырғысын барлық ластанудан тазартыңыз.

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТААУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Осы бөлімде келтірілген нұсқауларға сүйене отырып, кішігірім ақаулардың көпшілігін жою оңай.

| Ақаулық | Мүмкін себептер | Жою тәсілдері |
|---|---|---|
| **Қозғалтқыш іске қосылмайды** | Ажыратып-қосқыш OFF (сөндіру) күйінде | Ажыратып-қосқышты ON (қосу) күйіне бұраңыз |
| | Оталдыру білтесінің сымы ажыратылған | Оталдыру білтесінің сымын қосыңыз |
| | Бакта жанармай жоқ | Жанармайды тексеріңіз, құйыңыз |
| | Оталдыру білтесі дымқыл, ақаулы, электродтар арасындағы саңылау дұрыс емес | Оталдыру білтесін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз, электродтар арасындағы саңылауды ретке келтіріңіз |
| | Дроссельді жапқыш жартылай ашық | Дроссельді сөндіріңіз |
| | Жанармай құбыршегі бензин бағының төменгі жағында орналасқан | Жанармай құбыршегін төмен түсіріңіз |
| **Қозғалтқыштың тұрақсыз жұмысы, жұмыс кезіндегі ақаулар** | Ауа/жанармай сүзгісі бітелген | Ауа/жанармай сүзгісін тексеріңіз және ауыстырыңыз |
| | Дроссельді жапқыш жартылай ашық | Дроссельді сөндіріңіз |
| | Карбюратор ретке келтірілмеген | Сервиске хабарласыңыз |
| **Қозғалтқыш әрең іске қосылады** | Мерзімі өткен жанармай | Мерзімі өткен жанармайды ағызып, жаңасына ауыстырыңыз |
| | Оталдыру білтесінің жетегі нашар қосылған | Оталдыру білтесі сымының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз |
| | Карбюратор ластанған | Арнайы қоспаны пайдаланып карбюраторды тазалаңыз |
| | Дроссельді жапқыш жартылай ашық | Дроссельді өшіріңіз |

| Ақаулық | Мүмкін себептер | Жою тәсілдері |
|---|---|---|
| **Қозғалтқыш «өткізеді»/ қуаты жеткіліксіз** | Жанармай багы қоқыстанған | Жанармай багын шешіңіз және тазалаңыз |
| | Ауа сүзгісі бітелген | Ауа сүзгісін ауыстырыңыз немесе тазалаңыз |
| | Карбюратор ретке келтірілмеген | Сервиске хабарласыңыз |
| | Оталдыру білтесі дымқыл, ақаулы, электродтар арасындағы саңылау дұрыс емес | Оталдыру білтесін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз, электродтар арасындағы саңылауды ретке келтіріңіз |
| **Қозғалтқыш қосылады, бірақ сөніп қалады** | Газ багының қақпағының желдету клапаны жабық (егер жабдықталған болса) | Жанармай багы қақпағының жедеткіш клапанын ашыңыз |
| | Жанармай сүзгісі бітелген | Жанармай сүзгісін ауыстырыңыз немесе сервиске хабарласыңыз |
| | Карбюратор реттелмеген / нашар реттелген | Сервиске хабарласыңыз |
| **Бос жұмыс ақаулары немесе айналымдар тым жоғары** | Карбюратор реттелмеген / нашар реттелген | Сервиске хабарласыңыз |
| **Иірмек бос жүрісте айналады** | Бос жүріс жылдамдығы тым жоғары | Сервиске хабарласыңыз |
| | Ілінісу серіппесі сынған | Ілінісу серіппесін ауыстырыңыз немесе сервиске хабарласыңыз |
| **Иірмек айналады, бірақ қуаты жеткіліксіз** | Дроссель ашық | Қозғалтқыш іске қосылған соң дросселді жабыңыз |
| | Карбюратор реттелмеген / нашар реттелген | Сервиске хабарласыңыз |
| | Трансмиссия сынған | Сервиске хабарласыңыз |
| | Ілінісу қалыбы тозған | Ілінісу қалыбы мен серіппені ауыстырыңыз немесе сервиске хабарласыңыз |
| | Қозғалтқыш тозған | Сервиске хабарласыңыз |
| **Иірмек секіреді** | Пышақтары зақымдалған немесе нашар қайралған | Пышақтарын ауыстырыңыз немесе дұрыс қайраңыз |
| **Иірмек баяу бұрғылайды** | Жүзі өтпейді | Жаңа жүздер сатып алыңыз немесе жүзін қайраңыз |
| | Кескі зақымдалған | Кескіні қайраңыз немесе ауыстырыңыз |



**МОТОБУР БЕНЗИНОВЫЙ:**

**MS14304**

# РУКОВОДСТВО ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ

**Уважаемый пользователь!**

Пожалуйста, обратите Ваше внимание на то, что эффективная и безопасная работа, также надлежащее техническое обслуживание возможно только после внимательного изучения Вами данного руководства пользователя. Руководство пользователя должно находится в коробке с инструментом. При покупке рекомендуем Вам проверить комплектность поставки и отсутствие возможных внешних повреждений.

**Прочтите, пожалуйста, внимательно правила безопасности и следуйте изложенным в них указаниям. Не соблюдение приведенных ниже правил может привести к серьезным травмам**

**В целях безопасности дети моложе 18 лет, а также люди, не ознакомившиеся с данными правилами, не должны пользоваться инструментом.**

**Используйте инструмент только по его прямому назначению, указанному в руководстве пользователя.**

**Если Вы не имеете навыков в работе с инструментом, настоятельно рекомендуется предварительно проконсультироваться у специалиста или опытного пользователя.**

**Инструмент не предназначен для использования лицами (включая детей) с пониженными физическими, чувственными или умственными способностями или при отсутствии у них опыта или знаний, если они не находятся под контролем или не проинструктированы об использовании прибора лицом, ответственным за их безопасность.**

В связи с изменениями в технических характеристиках содержание руководства может не полностью соответствовать приобретенному инструменту. Производитель оставляет за собой право вносить изменения в конструкцию отдельных деталей без предварительного уведомления. Имейте это в виду, читая руководство по эксплуатации.

**Внимание! Данное руководство имеет ознакомительный характер и не может служить официальным документом.**

## ОБЩИЕ ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОСТИ

